

ЖАҒАНДАНДЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Еліміздегі және әлемдегі көптеген елдердің экологиялық мәселесі — ең маңызды экономикалық және әлеуметтік мәселелердің бірі. Ғалымдардың айтуынша, табиғатқа деген жауапкершіліксіз және тұтынушылық көзқарас жер шарын экологиялық апаттың шегіне қойды. Табиғаттың қиын жағдайда қалғаны соншалықты, оның жағдайы адамдардың өмір жағдайына және денсаулығына әсерін тигізуде, генетикалық ауытқулардың саны көбеюде, өмір ұзақтығы қысқаруда.

Қоршаған орта және даму жөніндегі БҰҰ 1992 жылғы маусым айында өткен халықаралық конференциясында, конференцияның бас хатшысы Морис Стронг айтқан болатын: «Не жер шарын құтқарамыз, не барлық өркениет жоғалады». Адамзат алдында, жер қойнауындағы табиғи ресурстарды аса жоғары қарқынмен пайдалануды қысқарту, әлемнің барлық аймақтарында табиғатты тиімді пайдалануды орнату, қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі әлемдік деңгейдегі ғылыми негізделген шараларды қамтамасыз ету міндеттері тұрғаны анық.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі табиғатты қорғау органдарының жүйесін, мемлекеттік экологиялық бақылау және мемлекеттік экологиялық тәртіпті жүргізу қағидаларын, табиғатты пайдаланғаны үшін жүргізілетін төлемдер тізімін, кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді орналастыруға, жобалауға, салуға, қайта салуға, пайдалануға енгізуге және пайдалануға қойылатын экологиялық талаптарды және басқа да базалық табиғатты қорғау қарым-қатынастарын реттейтін ережелерді белгілейді.

Қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде экологиялық қылмыстың объектілері ретінде әртүрлі пікірлер айтылуда. Мысалы, бұл қылмыстың объектісі болып «нақты қоғамдық қарым-қатынастың, олардың құқықтық формаларының және материалдық қабығының күрделі біртұтас кешені. Бұл қатынастарды ұтымды және экологиялық заңнама нормаларына сәйкес жүзеге асыру, адамның тіршілік әрекетін, оның қоршаған ортаны өзінің тіршілік етуінің базисі ретінде пайдалануын, орынды әлеуметтік мұқтаждықтарын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді және оның қауіпсіздігіне кепілдік береді». Басқа жұмыста объект келесідей түсіндіріледі: «... ұтымды табиғатты пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қарым-қатынастарды қамтитын, қоғам және табиғаттың қарым-қатынасы аумағында құрылған, біртекті кешендік қоғамдық қарым-қатынас тобы». Бұл қоғамдық қауымдастықтың құрылымдық элементі болып экологиялық құқықтық тәртіп болып табылады.

Экологиялық тәртіпті және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қоғамдық қарым-қатынастар, біздің ойымызша, қылмыстық-құқықтық нормалармен қорғалатын құқықтық қорғау мүдделерінің кешенін қамтиды. Экологиялық тәртіп дегеніміз экологиялық ережелерді дұрыс, жөнге салып орындау, соның ішінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану ережесі де енеді. Экологиялық қауіпсіздік дегеніміз — халықты, сондай-ақ жалпы қоршаған ортаны немесе оның бөлшектерін мүмкін болатын, сонымен бірге, қылмыстық кодекстің нормаларымен қарастырылған залалдардан қорғалуы.

Экологиялық қылмыстың тақырыбы, ол жалпы алғанда қоршаған орта және қоршаған табиғи ортаның табиғи қалпындағы (су, жер, орман, жануарлар әлемі және басқалары) нақты компоненттері (ресурстары).

Экологиялық қылмыстардың объективті қыры көбінесе экологиялық тәртіпті және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ, экологиялық қылмыстардың алдын-алу мақсатында белгіленген арнайы ережелерді сақтамау немесе бұзуда болып отыр. Экологиялық қылмыс үшін жауапкершілік туралы Кодекстің баптарының көпшілігі, орын алған экологиялық қылмыспен себептік байланыста болатын, қоғамдық қауіпті салдардың (адамның денсаулығына зиян келтіру немесе адамның өлуі, жануарлардың және өсімдіктердің қырылуы, судың және ауаның табиғи қасиеттерін өзгерту және т. б.) болуын көздейтін материалдық құрам түрі бойынша құрылған.

Субъективті жағынан экологиялық қылмыстар қасақана (мысалы, заңсыз аңшылық), сондай-ақ, абайсыздан (мысалы, орманды құрту немесе бүлдіру) да жасалуы мүмкін.

Себебі және мақсаты, заң шығарушымен экологиялық қылмыстың міндетті белгілерінің қатарына енгізбеген. Алайда, олар сот санкция шеңберінде жазалаудың түрі және мөлшері туралы мәселені шешкен кезінде есепке алынуы керек.

Экологиялық қылмыстың субъектісі болып, жалпы 16 жасқа толған тұлға болып табылады. Алайда, жеке жағдайларда арнайы белгілерге ие тұлға, субъект болып табылады. Мысалы, жұмыс атқару кезіндегі қоршаған ортаны қорғау ережесін бұзуды, тек нақты ережелердің сақталуына жауапты тұлғалар болып танылуы мүмкін. Сонымен бірге, жеке қылмыстардың түрін анықтау белгісі ретінде, тұлғаның өз қызметтік бабын пайдалану болып табылады. Аталған жағдайларда қылмыстың субъектісі — арнайы тұлға екені анық.

Көптеген елдердің қылмыстық заңнамаларында, қоршаған табиғи ортаға қылмыстық қастандыққа бағытталған жауапкершілік қарастырылған. БҰҰ Бас Ассамблеясында аталып өткендей «Қоршаған ортаның жағдайының нашарлауы — біздің қауіпсіздігімізге қару-жаракпен жарыстан кем қауіп төндірмейді. Біз ауадан, теңіздерден және жерден ең пайдалысын алып, тек қоқыстарды және уларды қайтарамыз».

Атап өтетін болсақ, Испанияның Қылмыстық кодексінде, келтірілген залалына және айыпталушының қылмыстан кейінгі тәртібіне байланысты қоршаған ортаға қарсы жасаған қылмысы үшін жазаны сараптайтын келесідей бөлімдер бар «Табиғи ресурстарға және қоршаған ортаға қарсы қылмыс» (III тарау XVI бөлім); «Флораны және фаунаны қорғаумен байланысты қылмыстар туралы» (сол бөлімнің IV тарауы); «Жалпы ережелер» (V тарау).

ГФР Қылмыстық кодексіне «Қоршаған ортаға қарсы қылмыстық іс» 29-бөлімі 1980 жылы енгізілген болатын. Кейінірек, 1994 жылы кейбір баптардың басылымына өзгерістер енгізілді және қоршаған ортаға қастандық жасауға қатысты кейбір істер қылмыстылар қатарына теңелген болатын.

Польшаның Қылмыстық кодексінде арнайы «Қоршаған ортаға қарсы қылмыс» XXII тарауы белгіленген. Аталған тараудың 8-бабында жануарлар және өсімдіктер әлеміне, судың, ауаның және жер қойнауының тазалығына және т. б. қастандық жасағаны үшін жауапкершілік толық регламенттелген. Жаза жасалған залал және кінәнің түріне сәйкес сарапталған.

Экологиялық жағынан алдыңғы қатарлы елдердің бірі болып, Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) болып табылады. БАӘ толығымен экологиялық құқық бұзушылыққа арналған жаңа кодексі 105-баптан тұрады және суды, жер қойнауын ластағаны үшін, қорықтарға, жасыл көшеттерге және т. б. залал келтіргені үшін қолданылатын жазалардың түрлерін толығымен регламенттейді. Табиғатқа қарсы жасалған аса ауыр қылмыс үшін ядролық қалдықтармен ластау — аталған Кодексте өлім жазасына кесу мүмкіндігі белгіленген.

Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей, Белоруссияда қоршаған ортаға қастандық жасағаны үшін жауапкершілік туралы кең нормалар жүйесі әзірленген. Аталған елдердің қылмыстық кодекстерінде, ҚР Кодексімен қарастырылғандай, негізінен қоршаған ортаға қастандық жасағаны үшін жауапкершілік қарастырылған.